



Бекітемін:

№38 «Аққайың бөбекжай-бақпасы»

менгерушінің у.м.а Жолдыбаева .А.М

Вариативтік компоненттік жоспар

Ересек «Көркем»тобы

«Ұлттық құндылықтар»

2024-2025жыл

Түсінік хат.

Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ағ салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Балаларға халқымыздың асыл қазынасын тиімді падалануды үйрету, оның салт - дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға, мақтан тұтуға тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектігін жоғатқан емес. Арғы ата - бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізілген.

Мақсаты:

- Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.
- Балабақшада қазақтың ұлттық ойындарын ойнату мен үйретудің негізгі мақсаты балалардың дене тәрбиесін деген қызығушылығын арттыру, спорттық шеберліктері мен мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ бұл халқымыздың ерлік-жауынгерлік тарихын, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған батырлардың өмір-өнегесімен таныстыруға, өз жерін, өз елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеуге мол үлесін қосады.
- Ұлттық салт - дәстүрімізді түсіндіре отырып, дәстүрімізді қашанда берік ұстауға, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, қамқор азаматы болып өсуге тәрбиелеу. Ұлттық құндылығымыздың маңыздылығын түсінуін дамыту.
- Ұлттық киім, ұлттық тағам, жеті ата, жеті қазына, ою - өрнегіміздің қазақ халқына күнделікті туралы түсіндіру және балалардың жадында ұстауға тәрбиелеу. Ұлт құндылығын қастерлеуге, оны әрқашан мақтан етуге тәрбиелеу.

Мерзімі: аптасына 1 рет, 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік
1	"Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы - ұлттық тәрбие".	<p>Ұлттық құндылық - бұл өмір құндылығы екенін түсіндіре отырып, балалардың бойларына ұлтжандылық, Отан сүйгіштік қасиеттерін дарыту. Халқымыздың ұлттық ойындарын ұмытпауға, үнемі қолданыста ұстауды және тәрбиелік маңыздылығын түсіндіру. Өз халқының дәстүрін, салтын, мәдениетін, әдет-ғұрпын үйрене отырып, бойларына сіңіру. Қазақ халқының ою-өрнек, жеті ата, жеті қазына, баға беру, ұлттық аспап, ұлттық киімі, бас киімдерімен таныстыра отырып оларды қадір тұтуға және мақтан етуге тәрбиелеу.</p>	<p>Ұлттық аспаптар, ұлттық киім, бас киімдер. Ұлттық ойындардың суреттері және құралдар (асық, арқан, орамал, т.б.)</p>
2	"Бағамен ел көгереді".	<p>Балаларға баға туралы мағұлмағ беру, түрлерімен таныстыру, қандай қасиеті бар екенін түсіндіру. Балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, белсенділігі мен қызығушылығын арттыру. Бағаны күнделікті қолдана білуге, баға беріп үйренуге баулу. Иmandылыққа, салт - дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Баға түрімен таныстырып, жаттау.</p>
3	"Ұлттық тәрбиенің ең басты жолы-сәлемдесу".	<p>Балаларды әдептілікке, адамдармен қарым-қатынас жасай білуге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Бабалардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру.</p> <p>Балаларды қазақ халқының сәлем беру, сәлем алу, сәлемдесу рәсімдерін айту арқылы «Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы» атты нақыл сөз негізінде тәрбие беру.</p> <p>Жасы үлкен адамдардың суреттерін көрсете отырып, ер адам мен әйел адамдарға қалай амандасу керектігін үйрету.</p>	<p>Тақырыпқа сай суреттер.</p>
4	"Жеті атаны белесің бе?"	<p>Балаларға ата тектері туралы мағұлматтарды бойына сіңіруіне, жеті атасы туралы ойларын ортаға салуға, олардың өз ата тектерін білуге тәрбиелеу. "Әке көрген оқ жанар, Ана көрген тон пішер", "Аталы сөз — баталы сөз", "Тегін білген текті адам", "Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер",</p>	<p>Жеті ата ағашы суреті.</p>

		<p>"Ата қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер", "Әке асқар тау, ана ағып жатқан бұлақ, бала жағасындағы құрақ", "Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі" нақыл сөздерін пайдалана отырып балалардың бойына тектілікті сіндіру.</p> <p>Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Спорттық ойын түрімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Ұлттық ойын түрлерінің суреті.</p>
5	"Күш сынаспақ".		
6	"Қазақтың ұлттық зергерлік әшекейлері".	<p>Қазақтың ұлттық әшекейлерімен, оның жасалу, қолдану жолдарымен таныстыру. Зергер туралы түсінік беру, зерлеудің жолдарын игеруге баулу. Белсенді сөздік қорын, тіл байлықтарын байыту, ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу. Үлгі арқылы білезік әшекейін суретін салу.</p> <p>Балаларға ұлттық бидің шығу тарихын баяндау, насихаттау.</p> <p>"Қара жорға" - қазақтың халық бийі, қазақ биінің төресі, атасы. Халқымыздың қасиеті бий "Қара жорғаны" қастерлеп, оны қазақ билерінің атасы, ескіден келе жатқан ежелгі мұрамызды қабылдауға тәрбиелеу. Балалармен үлгі бойынша ұлттық биіміз билеу.</p>	<p>Қазақ халқының зергерлік бұйымдары. Білезіктің үлгі суреті.</p>
7	"Қара жорға" бийі.		<p>"Қара жорға" биінің бейне көрінісі, ұнтаспа.</p>
8	"Хан талапай".	<p>Қазақтың ұлттық ойындарын деріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Ханталапай ойының үлгісі, асық.</p>
9	"Ою-өрнек әлемі".	<p>Қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіріп, ою-өрнектер туралы ұғымдарын бекіту. Көз мөлшерін, түс пен ырғақты сезінуін, көркемдік талғамын дамыту, ұқшпты жұмыс істей білуге, шыдамдылыққа, төзімділікке, сабырлыққа тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін арттыру. Түрлі ою-өрнек түрлерімен таныса отырып, дайын алаша үлгісіне "қошқар мүйіз" оюын жапсыру.</p>	<p>Ою- өрнек түрлері. Дайын үлгіде алаша, түрлі - түсті қағаздан қиылған қошқар мүйіз оюы, желім.</p>

10	"Киіз басу".	Бұрыңғы өткен ата-баба, шебер әжелеріміздің ұмытылып бара жатқан қолөнерін жаңғырту. Бізге қалдырған асыл мұраны кейінгі ұрпаққа аманат ету. Балаларға киіз жөнінде түсіндіре отырып, дидактикалық ойын арқылы дайын киіз бетіне оюларды орналастыра білуге үйрету.	Киіз суреттері. Дайын киіз үлгісі, ою-өрнектер.
11	"Торсық".	Балаларды қазақтың ұлттық бұйымдарымен, оюларымен, олардың жасалу, қолдану жолдарымен таныстыруды жалғастыру, білімділік деңгейлерін көтеру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Оюларды өз беттерімен қолданып сала білуге, әрі қарай дамыту. Өз халқының өнерін сүйеге баулу. Ата –бабаларымыздың асыл мұрасын бағалап қастерлеуге, қасиетін түсінуге үйрету. Ойын арқылы торсықтың түстері арқылы бөлшектерін сәйкестендіру.	Торсық, торсықтың суреті. Дидактикалық ойын: Торсық. Мақсаты: түстеріне қарай торсықтың бөліктерін сәйкестендіру.
12	"Айгөлек".	Ұлттық ойынды дамыту. Достық, жолдастық сезімдерін нығайту. Балаларды шапандыққа, талғампаздыққа баулу. Сөз өнерін байыту. Ойын барысында айтылатын өлең жолдарын жаттау.	Ойын ережесін түсіндіретін сурет түрлері.
13	"Адамгершілік пен имандылық".	Балаларды инабаттылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке үйрету. Өздерін көпшілік жерде қалай ұстауды және сөйлеуді, сөйлеп жатқан адамды тыңдай білуді үйрету. Тақырыпқа сай айтылған мақал - мәтелдерді жаттау.	Адамгершілік пен имандылық жайлы суреттер.
14	"Менің елім - Қазақстан!"	Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қадағалау.	Қазақстан Республикасының рәміздері.

15	"Бесік жыры".	Балаларды қазақтың ұлттық салт - дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын, дене мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Бесік жырын тыңдату. Бесік туралы әңгімелесу. Оның ағаштан жасалғанын көрсету.	Бесік, бесік жабдықтары, қуыршақ.
16	"Босағаға қонақ келсе, бақыт төрге шығады".	Балалардың халықтық салт-дәстүрлерді еске түсіріп, оларды жандандыра шығу. Сөздік қорларын байыта отырып, іс – әрекетінде, өзара қарым – қағынастарында сөйлесу әрекеттерін дамыта отырып, дүние тану көзқарастарын қалыптастыру. Туған жердің салт- дәстүрлеріне, қонақжайлыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының тұрмыстық мәдениетінің ізгілікті рухын сезіндіру. Балаларға қонақты қалай сыйлау керектігін, қалай күту керектігін ойын ретінде көрсетіп, түсіндіру.	Қонақжайлық туралы көрнекілік суреттер. Қонақ күту барысында керекті тағамдардың муляжы.
17	"Ұлттық тағамдар".	Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалағынын түсіндіру, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Ұлттық тағамдардың аттарын менгерту, сөздік қорын молайта отырып, сөздерді тәжірибеде қолдана білуге баулу, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу. Балалардың сүйікті тағамы "бауырсақтың" жасалу жолын көрсету.	Ұлттық тағамдардың суреті. Бауырсақ жасауда керекті азық-түліктер (ұн, тұз, қант, су, сүт, ашытқы).
18	"Желбірей бер, көк байрақ!"	Өз елінің өткен тарихын біліп, ата - бабамыз аңсаған, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келген тәуелсіздіктің, гүлденген Тәуелсіз ел - Қазақстанның болашағы ұрпақ қолында екенін сезіне білуге тәрбиелеу. Балалардың бойына Отансүйгіштік қасиетін сіңіріп, елін, жерін қорғауға баулу. Тәуелсіз елдің көк байрағымыздың суретін салуға үйрету.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, "Қазақ елі" слайд.

19	"Сәукеле".	<p>Қазақтың ұлттық бас киімі атауларын ажыратуға үйрету, ұлттық өнерімен таныстыру. Сәукелені өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Қазақтың өнеріне қызығушылығын тудыру. Үйлестірмелі материалдарды дұрыс пайдалана отырып, әдемі сәукелені жасап үйрену.</p>	<p>Қазақтың ұлттық киімдері мен бас киімдерінің суреттері. Айсұлу қуыршағы, қағаз, желім, қайшы, үйлестірмелі материалдар.</p>
20	"Орамал тастамақ".	<p>Ұлттық ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту, ұлттық дәмтүрді дәріптеу. Ойын үстінде балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру. Ой - өрістерін, тіл байлықтарын дамыту. Шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойын ережесін түсіндіре отырып, қызықты ойын ойнау.</p>	<p>Ойын ережесі бейнеленген суреттер. Орамал.</p>
21	"Нақыл сөздер".	<p>Ата - бабамыздан қалған нақыл сөздер, ұлағатты сөздердің мағынасын түсіндіру. Балалардың бойларына жақсылықты сіндіру. Нақыл сөздерді жатау арқылы өнегелі ұрпақ тәрбиелеу. Ұлағатты сөздер қалдырған ұлы тұлғалардың суреттерін көрсету арқылы, ұлағатты сөздерді жадында сақтау.</p>	<p>Артында ұлағатты сөздер қалдырған ұлы тұлғалардың суреті.</p>
22	"Сақина жасыру".	<p>Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Ұлттық ойын түрлері бейнеленген суреттер. Сақина.</p>
23	"Жеті қазына".	<p>Балаларға жеті санының киелі екенін ұғындыру. Жеті қазынаға не жататынын түсіндіру арқылы халқымыздың осындай таным түсініктері көптігін айтып, оларды тәрбиелік мәнін ұғындыру. "Жеті қазынанань бірі" ертегісі арқылы жеті қазынаға не жататынын түсіндіру. Олардың тәрбиелік мәнін түсіндіру.</p>	<p>Жеті қазына суреті: ер жігіт, сұлу әйел, ақыл - білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы.</p>

24	"Санамақ".	Қарапайым математикалық түсініктерді санамақ ойыны арқылы түсіндіру. Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы туындату. Санамақ арқылы елестету және қиял болжамдарын дамытып, тіл байлығын, таным өнерін, сөздік қарым - қатынасты қалыптастыру. Өздері білетін санамақтармен бөлісу.	Санамақтар, сызбалар, суреттер.
25	"Әжеме сыйлық".	Балалардың ою - өрнек түрлерімен таныстыру. Ою - өрнек жапсыру арқылы қолды жаттықтырып, балалардың шеберлігін ұштау. Балалардың қолөнерге деген қызығушылығын арттыру, сұлулық пен әсемдікке, талғампаздық пен шеберлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дайын орамал үлгісіне ою - өрнек жапсыру арқылы, орамалды әшекейлеу, әжеге сыйлыққа тарту.	Ою - өрнек түрлерінің суреттері, түрлі - түсті қағаз, желім, ою түрі, әжеге арналған дайын орамал үлгісі.
26	"Мақал - мәтел".	Балалардың мақал-мәтел туралы білім, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру, мағынасын түсіне білуге үйрету, мақал –мәтел тіліміздегі сөздің көркі екенін ұғындыру. Ана тілін ардақтап, бағалай білуге, сөз қадірін терең ұғынуға тәрбиелеу. Логикалық деңгейін, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.	Ұлттық бұйымдар, киіз үй, қамшы. Ұлттық құндылығымыз бейнеленген суреттер.
27	"Киіз үй" ойыны.	Балалардың киіз үй туралы түсініктерін кеңейту. Киіз үй бөліктерімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау, сөздік қорларын дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын қадірлеуге тәрбиелеу.	Ойын барысын түсіндіру, орамал.
28	"Қасиетті домбыра".	Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары жайлы мағлұмат бере отырып, оның ішінде домбыра аспабының басынан өткерген тарихы жайлы ертегіні еске түсіру, ертегі қойылымын ойнатуды үйрету. Қазақтың басқа да аспаптарының әр атауларын айтқыза отырып тілдерін дамыту. Өз ұлтына, қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейту, өз дәстүрін сүйіп өсуге тәрбиелеу. Ұнтаспа арқылы домбыраның үнін тындау.	Қазақтың ұлттық аспаптар көрмесі, ұнтаспа.

29	"Арқан тартыс".	Балаларға "Арқан тартыс" ұлттық ойынының мазмұнын, ережелерін, ерекшелігін, ойынның ойналу әдіс - тәсілдерін меңгерту. Балалардың ептілігін, қимыл - қозғалыс әрекетін дамыту. Төзімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын бейнеленген суреттер, арқан.
30	"Ұлттық киімдер".	Ұлттық киім түрлерімен таныстыру, олардың өздік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, қазіргі киім түрлерімен салыстыра білуге, әңгімелен беруге үйрету. Сөздік қорларын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет арқылы ұлттық киімдерді атау, әңгімелеу.	Ұлттық киімдер, суреттер.
31	"Теңге ілу".	Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым - қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту.	Ұлттық киімдер, таяқ аттар.
32	"Әдептілік - әдемілік".	Балаларға адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. "Әдеп", "әдептілік" туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту, әдептілік пен әдепсіздік туралы өз ойларын қорытып, тұжырымдай білуге үйрету. Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Өз-өздерін басқару, еркіндікке машықтандыру. Ы.Алтынсариннің "Әдептілік" әңгімесін оқып беру арқылы, түрлі жағдаяттарда балалардың өздерін әдепті ұстауға үйрету.	Әдептілікті бейнелейтін суреттер.
33	"Бірлігіміз жарасқан!"	Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын арқылы әр елдің ұлттық киімдерін таныстыру және ажыратуға үйрету.	Ынтымақ күніне байланысты суреттер. Дидактикалық ойын: "Қай ұлт?"

34	"Атқаума".	<p>Қазақ халқының ерлік - жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан, батырлардың өмір өнегесімен таныстыру. Өз жерін, өз елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндер тәрбиелеу.</p>	<p>Ойын ережесін түсіндірілген суреттер.</p>
35	"Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы".	<p>Балаларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар - біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра түсіндіруді жалғастыру. Ұрпағымызды елжандылыққа, терең ойлауға, өнер сүйеге, ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты білімін дамыту арқылы нығайту. Жыл бойына үйретілген нақыл сөздер, санамақ, мақал - мәтелдерді еске түсіру. Ұлттық киімдерді, бас киім, аяқ киімдерді ажырата білу, еске түсіру, қайталау.</p>	<p>Ұлттық киімдер, суреттер.</p>
36	"Қазағымның ұлттық құндылықтары".	<p>Болашақ ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру. Тілі мен діні, тарихы мен салт - дәстүрі, рухани мәдениетке тәрбиелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу. Ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парыздылық қасиетінің қалыптасуына бағдар беру. Жыл бойы үйренген білімізді қайталау, қорыту. Құндылықтарымызды айқындайтын көрініс көру.</p>	<p>Ұлттық құндылық тақырыбында видео, суреттер.</p>